2021 жылы резидентураға түсушілер үшін онлайн режимінде әңгімелесу өткізу ережелері

1. Әңгімелесуді өткізу ережелері

1) Әңгімелесу онлайн режимінде Microsoft Teams платформасында міндетті түрде бейнежазбаны сақтай отырып өткізіледі.

2) Онлайн режиміндегі әңгімелесуге қосылу үшін, түсуші 1 нұсқаулыққа сәйкес (1 қосымша) Microsoft Teams платформасында авторизация жасауы қажет.

3) Әңгімелесу сұрақтары және бағалау парағы әңгімелесу басталғанға дейін университет сайтына орналастырылады.

4) Оқуға түсушілер мен емтихан комиссиясының мүшелері әңгімелесу басталғанға дейін 15 минуттан кешіктірілмей қосылуға тиіс.

5) Оқуға түсушіні қосуды емтихан комиссиясы мүшелерінің бірі жүзеге асырады. Комиссия белгіленген уақытқа сәйкес өтініш берушілер тізімі негізінде өтініш берушіні өз бетімен қосу тәртібін реттейді. Мүмкін болатын техникалық ақауларды болдырмау үшін емтихан комиссиясы әр өтініш берушімен алдын ала байланыс тексерісін жүргізеді.

6) Жеке басты сәйкестендіру келесі түрде жүргізіледі: өтініш беруші толық аты-жөнін айтады және камераға жеке басын куәландыратын құжатты, веб-камераны 360 градусқа бұру арқылы бөлмесін көрсетеді. Емтихан алушы үміткердің бөлмеде жалғыз екеніне көз жеткізеді.

7) Үміткер рандомизация процедурасы арқылы билетті/сұрақты таңдау ұсынылады, оның көмегімен талапкерге экранда билет нөмірі/сұрақ көрсетіледі.

8) Бір талапкерге 10-15 минут жауап беру уақыты бөлінеді. Интернет байланысы үзілген жағдайда әңгімелесу уақыты емтихан комиссиясының барлық мүшелерінің келісімі бойынша 20 минутқа дейін ұзартылуы мүмкін. Уақыттың ұзартылғаны туралы әңгімелесу кезінде хабарлану керек.

9) Өтініш берушіге экранның терезесін кішірейтуге, камераның көру алаңынан шығуға, компьютер экранынан және камерадан басқа жаққа қарауға, басқа құрылғыларды қолдануға немесе сұраққа жауап табу үшін басқа қойындыларды ашуға тыйым салынады. Көрсетілген талаптар бойынша ереже бұзу анықталған жағдайда үміткер қайта тапсыру құқығынсыз емтиханнан шығарылады. Бұл ретте комиссия мүшелері өтініш берушіге қабылданған шешім туралы хабарлауы тиіс.

10) Әңгімелесу кезінде Интернет байланысы 5 минуттан артық үзілген жағдайда, өтініш берушіге сол күні қайта қосылу мүмкіндігі беріледі. Бұл жағдайда өтініш берушіге басқа билет беріледі. Егер емтиханды қайта тапсырған кезде Интернетке қосылу мәселесі қайта туындаса, сұхбатқа «қанағаттанарлықсыз» баға қойылады. Жоғарыда айтылғандардың алдын алу үшін, өтініш беруші алдын ала тұрақты Интернет - байланысын қамтамасыз етуі керек.

11) Әңгімелесу нәтижелері (апелляциясыз) өтініш берілген күні университет сайтында www.kaznmu.kz "Түсушілерге" қойындысында орналастырылады. Әңгімелесуді қайта тапсыруға болмайды.

12) Әңгімелесу нәтижелерімен келіспейтін өтініш беруші апелляциялық комиссия төрағасының атына жазбаша өтініш береді. Апелляцияға өтініштерді, қабылдау комиссиясы әңгімелесу нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00 -ге дейін қабылдайды және апелляциялық комиссия өтініш берілген күннен бастап бір күн ішінде қарайды.

13) Апелляциялық комиссия онлайн режимінде жұмыс істейді, емтихан кезінде өтініш берушінің жауаптарын жазба бойынша тексереді.

14) Апелляциялық комиссияның шешімі көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді және соңғы болып табылады. Хаттама сол күні қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына беріледі.

15) Апелляциялық комиссияның дәлелді шешімі апелляция аяқталғаннан кейін, қабылдау комиссиясымен өтініш берушінің электронды поштасы арқылы назарына жеткізіледі.

2. Резидентураға түсушілерге қойылатын негізгі талаптар

1) Кірістірілген немесе қосылған портативті веб-камерасы бар жеке компьютердің / ноутбуктың болуы, кіріктірілген немесе қосылған дыбыстық құрылғының болуы.

2) Тұрақты байланысы бар Интернет желісінің болуы;

3) Оқуға түсуші тарапынан әңгімелесу үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету (бөгде адамдарсыз бөлме, шудың төмен деңгейі, кедергілердің болмауы, дресс-кодты сақтау);

4) Оқуға түсуші веб-камераны орнатуға және өзінің толық көрінуін қамтамасыз етуге және емтихан кезінде веб-камераның көру аймағынан шықпауға міндетті (оқуға түсуші экрандағы бағдарламаның арнайы терезесінде көрінуі тиіс);

5) Оқуға түсуші микрофонды ажыратпауға және әңгімелесу кезінде оның дыбысқа сезімталдық деңгейін төмендетпеуге міндетті;

6) Әңгімелесу кезінде үшінші тұлғаларды көмекке тартуға тыйым салынады;

7) Оқуға түсуші әңгімелесу кезінде бөгде адамдарға компьютерге кіруге рұқсат беруге құқығы жоқ.

3. Емтихан комиссияларының мүшелеріне қойылатын негізгі талаптар

1) Бір аудиторияда емтихан комиссиясы мүшелерінің кворумының міндетті түрде болуы (құрамның кемінде 2/3). Басқа комиссия мүшелерінің басқа нүктелерден әңгімелесуге қосылуына емтихан комиссиясының төрағасының келісімі бойынша рұқсат етіледі;

2) Кірістірілген немесе қосылған портативті веб-камерасы бар жеке компьютер/ноутбуктің болуы және кірістірілген немесе қосылған аудио құрылғының болуы;

2) Тұрақты байланысы бар Интернет желісінің болуы;

3) Оқытушы тарапынан емтиханға қажетті жағдайларды қамтамасыз ету (шудың төмен деңгейі, кедергінің болмауы, дресс-кодты сақтау);

4) Емтихан комиссиясының барлық мүшелерінің академиялық адалдық қағидаттарын міндетті түрде сақтауы.

Приложение 1

ИНСТРУКЦИЯ для поступающих в резидентуру

1. **Собеседование проходит на платформе MS OFFICE 365 через приложения TEAMS.**
2. **Абитуриент должен скачать приложения MS TEAMS авторизоваться.**

Чтобы зарегистрироваться в **Teams,** вам понадобится только учетная запись Майкрософт. Если вы используете **Skype, OneDrive, Outlook.com** или **Xbox Live,** он у вас уже есть. Если это не так, можно легко создать новую учетную запись Майкрософт.

1. Вход в Teams с помощью существующей учетной записи Майкрософт:
   - Откройте приложение Teams.
   - Введите свой адрес электронной почты или номер телефона и выберите **Войти.**
   - Введите пароль или код проверки и снова **выберите Войти.**
2. Если у вас нет учетной записи Майкрософт:
   - Откройте приложение Teams.



   - Нажмите **Войти.**
   - Нажмите Создайте ее!



- Создание учетной записи
  - ✓ Использовать существующий адрес электронной почты
  - ✓ Использовать номер телефона



Далее следуйте инструкциям, чтобы создать личную учетную запись Майкрософт.

После в день прохождения собеседования ожидайте ссылку